

МӘМС мәртебесін тексеру

☀️ QOLDAU 24/7 мобильді қосымшасы

GooglePlay



AppStore



QR-CODE
QOLDAU
24/7

- 1 QR кодты сканерлеп, қосымшаны жүктеңіз
- 2 Мәзірден «Сақтандырылу мәртебесін тексеру» бөлімін таңдаңыз
- 3 ЖСН енгізіңіз

@SaqtandyryBot ТЕЛЕГРАМ-боты

- 1 <https://t.me/saqtandyrybot> сілтемесіне өтіп, немесе Telegram қосымшасын ашып, «SaqtandyryBot» атауын іздеңіз
- 2 «Сақтандырылу мәртебесін анықтау» бөлімін таңдаңыз
- 3 ЖСН енгізіңіз




e.gov EGOV.KZ электронды үкімет порталы

- 1 «Денсаулық сақтау» бөлімі
«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» қызметін таңдаңыз
- 3 «Онлайн сұрау» батырмасын басыңыз
- 4 ЖСН енгізіңіз



☀️ ҚОРДЫҢ ресми сайты <https://fms.kz>

- 1 <https://fms.kz> сілтемесіне өтіңіз
- 2 «Сақтандырылу мәртебесін анықтау» терезесі сайттың оң жағында, төменде орналасқан
- 3 ЖСН енгізіңіз



МӘМС пакеті

не кіреді:

- үйдегі стационар
- жоғары технологиялық медициналық көмек
- бейінді мамандардың кеңесі
- диагностикалық медициналық қызметтер
- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету
- күндізгі стационар
- тәуліктік стационар
- медициналық оңалту

▶ Медициналық қызмет алушылар

Аударымдар мен жарналары жүзеге асырылған тұлғалар (сақтандырылғандар):

- ҚР азаматтары
- ықтиярхаты бар шетел азаматтары
- ықтиярхаты бар азаматтығы жоқ тұлғалар
- ықтиярхаты бар қандастар
- ҚР аумағына ЕАЭО елдерінен уақытша келген шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелері - еңбек мигранттары және олардың отбасы мүшелері (жұбайы, балалары)

ТМККК пакеті

не кіреді:

- жедел медициналық көмек
- МСАК
- шұғыл медициналық көмек
- паллиативтік көмек
- дәрілік қамтамасыз ету
- туберкулезді қалпына келтіру
- әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулар кезіндегі медициналық көмек

▶ ТМКККК кімдерге көрсетіледі?

- ҚР азаматтары
- қандастар
- босқындар
- ықтиярхаты бар шетел азаматтары
- ықтиярхаты бар азаматтығы жоқ тұлғалар

ТМККК айналасына қауіп төндіретін аурулар кезінде ҚР аумағындағы барлық тұлғаларға беріледі, оның ішінде шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, баспана іздеушілерге және т. б.

МӘМС және жүктілік

МӘМС жүйесіндегі «САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН» мәртебесі бар жүкті әйел

▶ Сақтандыру мәртебесінің жоқтығы анықталса, онда жүкті әйелдің жұмысқа орналасқанын немесе жұмыссыз екенін анықтау қажет

▶ Егер азаматшаның ресми табыс көзі болса немесе БЖТ төлемдерін жасаса, онда ол әйел берешек кезеңдері үшін, бірақ өткен 12 айдан аспайтын, яғни өткен жылдың ағымдағы айынан осы жылдың ағымдағы айына дейін МӘМС-ке жарналар төлеуі қажет

▶ Егер жүкті әйел жұмыссыз болса, онда оны учаскелік дәрігерге жіберу және жүктілік фактісін анықтау қажет, кейін акушер азаматшаның деректерін «Жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі» ақпараттық жүйесіне енгізеді. 3 жұмыс күні ішінде ЖФЖӘТ АЖ деректерді енгізгеннен кейін автоматты түрде «жұмыс істемейтін жүкті әйел» мәртебесі беріледі

▶ Жұмыс істемейтін жүкті әйел, егер соңғы 2 айда зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары болмаса, жеңілдікті санатқа енгізуге үміткер бола алады

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2021 жылғы 26 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-92 бұйрығы



МӘМС-тегі жеңілдік санаттары

- 18 жасқа дейінгі балалар
- жұмыс істемейтін жүкті әйелдер
- үш жасқа дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін адамдар
- жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға немесе асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыстағы адамдар
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар
- орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде оқытындар
- жұмыссыз ретінде тіркелгендер
- жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар
- жұмыс істемейтін қандастар
- мүгедектер
- зейнетақы төлемдерін алушылар мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері
- мүгедек баланы күтетін жұмыс істемейтіндер
- бала кезінен I топтағы мүгедекке күтім жасайтындар
- тергеу изоляторларында отырғандар
- ең төменгі қауіпсіздіктегі мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сот үкімімен жазасын өтеп жатқандар



ТМҚКК ЖӘНЕ МӘМС: дәрі-дәрмек алу

Медициналық көмек алу кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету*

- ▶ жедел медициналық жәрдем бригадасы келген кезде
- ▶ медициналық көмек алатын пациенттер қамтамасыз етіледі:
 - тәуліктік стационарда
 - күндізгі стационарда

Дәрілік көмек пациент медициналық көмек алған сәттен бастап көрсетілуі тиіс

Дәрі-дәрмекпен амбулаториялық қамтамасыз ету**

- ▶ диспансерлік есепте тұрғандар
- ▶ жекелеген аурулары және жай-күйлері бар пациенттер

Емделушілерге рецепт бойынша дәріханада жеке басын қуаландыратын құжатты көрсеткен кезде беріледі

* медициналық көмек көрсету кезінде - диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес

** амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кезінде - «ҚР белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығына сәйкес

Бізді Telegram-нан іздеңіз



@medinform_fms
@SaqtandyryBot

Мен
МӘМС
туралы не білемін?



Call center 1406